

2.05.2023

Мексесіңіз

Циклограмма
I-апта (02-05 мамыр 2023ж.)
«Балдырған» тобы

Күн тәртібі		Сейсенбі 02.05.2023	Сәрсенбі 03.05.2023	Бейсенбі 04.05.2023	Жұма 05.05.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу	Балалардың балабақшаға жылдам бейімделу жағдайларын талқылау. Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайында ата-аналармен әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)		Д/о № 31: «Өз үйін тап» (түстерді тануға үйрету)	Ойын № 34: «Моншактар тізіміз» (саусақ бұлшық еттерін дамыту)	Д/о №38: «Көп және біреу» (көп және біреу қатынастарын білуге үйрету)	Достық, татулық, бірлік туралы әңгімелесу.
Танертеңгі жаттығу	№17 танертеңгі жаттығу кешені				
Таңғы ас	Киіміндегі олқылықты байқап және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіруге, колорамалды пайдалануға үйретуді қалыптастыру. Айнаға қараймын Шашымды тараймын. Әдемі боламын, Әркашан тазамын, Бәрінен озамын Сикырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!" Рахмет айтуға тәрбиелеу				
Ойындар, Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне дайындық	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
		Д/о №30: «Не өзгерді» (зейінің, есте сақтауды дамыту)	Д/о №13 :«Жануарлардың төлдерін тауып, оларды атап бер» (танымын қалыптастыру)	Д/о №29: «Заттың атын ата» (сөздік қорын молайту)	Д/о №41: «Кім сені шақырды тап» (басқа адамды дауысынан танып үйрету)

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер		Дене шынықтыру Музыка		Дене шынықтыру	Дене шынықтыру
		Жалпы дамытушы жаттығулар: Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Негізгі қимылдар: Еңбектеу. Шектеулі жазықтың, нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Қ/о №23: «Күн мен жанбыр» Д/о №33: «Қиылған суреттер» (дене шынықтыру, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қоршаған орта, сурет салу) Музыка (маманның өз жоспары бойынша)	Тікірейіп құлағы Менен бұрын тұрады Бойын жазып,керіліп Беті қолын жуады. (сурет бойынша әңгіме) Д/о №26: «Мысық нені жақсы көреді?» (сөйлеуді дамыту, қоршаған орта) Қ/о №34: «Аюдың апанында» (балалардың сөздік қорын дамыта отырып,қимыл-қозғалыс іскерліктерін жетілдіру. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)	Жалпы дамытушы жаттығулар: Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Негізгі қимылдар: Еңбектеу. Көлбеу тақтайдың бойымен, төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Қ/о №8: «Допты ұста» (дене шынықтыру) Дид/о №51: «Қорапшаларға орналастыр» (сөйлеуді дамыту, танымдық іс-әрекет)	Ж.д.ж. Негізгі қимылдар: Еңбектеу. Доганың, гимнастикалық скамейканың астынан төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Шанамен сырғанауды жалғастыру: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға үйрету. Қ/о №27: «Ақ қоян» Д/о №44: «Көліктерді ата» (сөйлеуді дамыту, танымдық іс-әрекет, қоршаған орта)
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды калыптастыру(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары,ірі және ұсақ моториканы дамыту).				

Серуен	№33-ші бақылау кешені Жасыл шөптерді бақылау Максаты: Балаларға жаңа қылтиып шығып келе жатқан шөптерді бақылату. Көркем сөз: Қар еріді, су ақты, Күндер туды шуақты. Байтақ дала келбеті Түкті кілем сияқты. Еңбек: Гүл егетін жерлерді копсытып дайындау. Қимылды ойын: Біз көңілді баламыз Балаларды татулыққа тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. (дербес қимыл әрекеті).
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркемсөз қолдану: «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Асқа байлық Денге саулық
Түскі ұйқы	Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тындау. Бесік жырын айтып беру (көркем әрекет) Бесік жыры «Әлди әлди бөпенім» әнін музыкалық құралдан тындату
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<i>Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі)</i> Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.(мәдени-гигиеналық дағдылар). Ұйқы ашар жаттығу №17 кешен
Бесін ас	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Ойын жаттығу: Ас ішер кезде.

	Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз.				
Ойындар, дербес әрекет		Д/о №29: «Танып ал да, атын ата» (сөйлеуді дамыту)	Бояғыш кітаптарын ұсыну. (суретті дұрыс бояй білу, түстерді ажырата білуге дағдыландыру)	Д/о № 23: «Тапсырманы орында» (үлкен және кішкентай заттарды ажыратуға жаттықтыру)	Д/о №33 :«Қиылған суреттер» ойыны (шапшаңдыққа және ұжымда ойнай білуге тәрбиелеу)
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс		Айбар, Еламанға кимылды ойындардың ережелерін сақтауға үйрету.	«Пішіндерді ажырат» Аяла, Раянаға әр түрлі пішіндерді ажыратуға үйрету.	Айзере, Кристинаға сурет бойынша әңгіме құрастыруға, айтып беруге үйрету.	Балаларға мәдени-гигиеналық дағдыларды үйрету. Өз сүлгілерін тауып колдарын сұрту.
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен		Қ/о №38: «Толкиды теңіз» (балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу)	Қ/о №11: «Аңшылар» (қоян болып секіріп, аңшыдан қорғануға үйрету)	Қ/о №1: «Қонырау қайдан естіледі?» (есту, байқампаздық қабілетін дамыту)	Қ/о №37: «Құс» (күстарды бейнелейді)
Балалардың үйге қайтуы		Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу.	Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым – қатынасы туралы әңгімелесу.	Балалар отбасында өздері не істей алатыны туралы әңгімелесу.	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру

8.05.2023
Мексереңгі

Циклограмма
II апта (08-12 мамыр, 2023ж.)
№9 «Шапағат» бөбекжай-бақшасының «Балдырған» тобы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 08.05.2023	Сейсенбі 09.05.2023	Сәрсенбі 10.05.2023	Бейсенбі 11.05.2023	Жұма 12.05.2023
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер.				
Ойындар (үстел үсті, саусак және т.б.)			Д/О: «Сықырлы суреттер» №14 (коммуникативтік, ойын әрекеті)	Д/О «Не өзгерді?» №30 (коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеті)	Д/О: №42 «Үйшік құрастыр» (коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеті)
Таңертеңгі жаттығу	Жаттығулар кешені №17 (1-2 апта)				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету әрекеті) Ойын-жаттығу: Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз. Сықырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!" өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезде аузын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.				

Ойындар, Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне дайындық	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
			Қ/О «Көліктерді ата» №44 (Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, коммуникативтік, ойын әрекеті)	Д/О «Көзінді жұмып, қолыңмен анықта» №19 (Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын әрекеті)	Д/О «Жоғарыда- төменде» №21 (коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеті)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер				Дене шынықтыру	Дене шынықтыру
			Әңгіме жүргізу. -9 Мамыр - Жеңіс күні мерекесі. Біздің Отанымызды, туған жерімізді ержүрек ағаларымыз, апаларымыз сыртқы жаудан қорғап қалды. Жеңіс мерекесі елімізде жыл сайын тойланады. Осы саябақта соғыста ерлікпен күрескен ағаларымыздың ескерткіші бар. Сол жерде мәңгілік өшпейтін алау оты бар. Алау отына ардагер аталарымыз, апаларымыз гүл шоқтарын қояды. Олар: Әлия Молдағұлова, Мәншүк Маметова, Бауыржан Момышұлы сияқты батыр аға, апаларымыз. (сөйлеуді дамыту) Өлең жолдарын оқып беру.	Жалпы дамытушы жаттығулар. 1. Негізгі қимылдар: 1. Алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге үйрету. 2. Қимылды ойындарға қызығушылығымен қатысуға тәрбиелеу. Қ/О: «Аңшылар мен қояндар» №28 Д/О: «Үйшік құрастыр» №42 (құрастыру) Қ/О: «Өз үйінді тап» №31 (сенсорика)	Жалпы дамытушы жаттығулар. 1. Негізгі қимылдар: Велосипед тебуді жалғастыру: ересектердің көмегімен және өзбетінше рөлді басқаруға үйрету. (Таза ауада) Қ/О: «Дөңгелекті ұста» №24 Д/О: «Қай қолымда көп» №36 (сенсорика) Қ/О: «Шар жарылды» №29 (коммуникативтік, ойын әрекеті)

			Құтты болсын жеңіс күні ағайын Көптен күткен ұлы күнде жар салайын. Ата - бабам қан берісіп шайқасқан, Ата - бабам намыс бермей айқасқан.(көркем әдебиет) Үзік сызықтарды үйлестіре қосу арқылы отшашудың сурет ін салады.(сурет салу)		
--	--	--	--	--	--

Серуенге дайындық				
Серуен	Серуен кешені №34			
Серуеннен оралу	Шкафтарын тауып көрсетуге, балалардың реттілікпен киімдерін шеше білуге баулу, дербес ойын әрекеті.			
	Артикуляциялық жаттығу(медбикенің нұсқауымен)			
Түскі ас	Серуенге қызығушылықты ояту, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.			
Түскі ұйқы				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқыашар жаттығуы №17			
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс;әдеп ережесі. Тамақтану (өз орнына отыру,дұрыс отыру,ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемеу,алғыс айту)			
Ойындар, дербес әрекет			Д/ойын: «Сәулені киіндір» (кыс мезгіліне байланысты) Мақсаты: Жыл мезгілдеріне байланысты киімдерді ажырату.	Ойын: «Моншақтар тізіміз» Мақсаты: Түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасы дамыды. «Көліктерді ата» №44 Мақсаты: Балаларды көлік түрлерімен таныстыру.

Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс			Балаларға қарапайым құрылыстарды құрастыруға үйрету.	Балаларға мәдени гигиеналық дағдыларды үйрету. Өз сүлгілерін тауып қолдарын сүрту.	Балаларды дыбыстарды анық айтуға үйрету. Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.
Серуенге дайындық	Кийну,серуенге шығу.Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау,ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды пайдалану туралы әңгімелесу. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты),дұрыс киіне білулерін бақылау(сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары,үлкен және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Серуендеуге қызығушылық тудыру. Балалармен жеке әңгімелесу; «Отбасында кімдер тұрады?», «Сен жақсы көретіні ойыншығың қалай атала				
			Жыл мезгілдері туралы әңгімелесу Мақсаты: «Көктем» мезгіліне байланысты суреттер қарастыру Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет	Қимылды ойын: «Толқиды теңіз» Мақсаты: Түрлі қимылдар жасауға машықтанады Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі	Д/о: «Мен бастаймын сен аяқта» Мақсаты: Сөздегі дыбыстарды, сөздерді дұрыс айту. коммуникативтік әрекет
Балалардың үйге қайтуы			Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.	Ата-анаға балаларының балабақшадағы	«Бүгінгі күн қалай өтті?» балалардың балабақшадағы күн

					достарымен қарым – қатынасы туралы әңгімелесу.	тәртібі туралы әңгімелесу
--	--	--	--	--	--	------------------------------

15.05.23 м
Төзетілді

Циклограмма
III-апта (15-19 мамыр 2023ж.)
«Балдырған» тобы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 15.05.2023	Сейсенбі 16.05.2023	Сәрсенбі 17.05.2023	Бейсенбі 18.05.2023	Жұма 19.05.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу	Балалардың балабақшаға жылдам бейімделу жағдайларын талқылау. Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайында ата-аналармен әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусак және т.б.)	Дил/о №29: «Таңып ал да, атын ата» (тілдерін дамыту)	Үстел үсті ойыны № 34: «Моншактар» (қол моторикасын дамыту)	Үстел үсті ойыны №42: «Үйшік құрастыр» (логикалық ойлау қабілетін дамыту)	Дамытушы ойындар «Лего», «Мозайкалар» (саусак бұлшық еттерін дамыту)	Суретпен әңгіме: «Көлік түрлері» (қоршаған орта,)
Танертеңгі жаттығу	№18-ші танертеңгі жаттығу кешені				
Таңғы ас	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру. Тазалықты сүйеміз, Таза болып жүреміз, Біз баламыз шыныққан, Денсаулығы мықты жан.				
Ойындар, Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне дайындық	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	Д/о №27: «Дауысын тап» ойыны (есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту)	Д/о №35: «Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр» (танымдық әрекет)	Д/о №46: «Құлақ-мұрын» ойыны (зейінін, қабылдауын дамыту)	Дил/о № 33: «Қиылған суреттер» (екі бөліктен тұратын, бір тұтас суретті құрастыра білуге үйрету)	«Айна» жалпы ойын (жүргізушінің соңынан оның қимылын қайталай білу)

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер		Дене шынықтыру Музыка		Дене шынықтыру	Дене шынықтыру
	Балалардың назарын тауықтың суретіне аудару (әдемі, үлкен; етін, жұмыртқасын жейміз; тауық дәнді жақсы көреді) Дыбыстық жаттығу: Қа-қа қауырсын, Ү-ү үлпілдек Қауырсынга үрлесек ұшады. (қауырсын кімнің үстіне қонса, қонған жерден тағы үрлеу) Жұмбақ : Ақ сауығы жыртылды, Бір жығылып, бір тұрды. (балапан) Дид/ойын №43: «Үй құстарын ата» Қим/ойын №48: «Құс»аз қимылды ойыны (сөйлеуді дамыту, қоршаған орта, көркем әдебиет, жапсыру, дене шынықтыру)	Жалпы дамытушы жаттығулар: Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Негізгі қимылдар: Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге үйрету. Қ/о №23: «Маған қарай жүгіріндер» (дене шынықтыру) Дидактикалық ойын №52: «Ұзын және қысқа» (танымдық іс-әрекет, сурет салу) Музыка (маманның өз жоспары бойынша)	Топ, топ басайық, Жалаудан күн жасайық, Жаса, жаса алтын күн, Жаса, жаса жарқын күн. Дид/ойын №47: «Түстеріне қарай топтастыр» Қим/ойын №19: «Кішкене шарды өз жалаушана қарай домалат» (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған орта, құрастыру)	Жалпы дамытушы жаттығулар: Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып) жаттығуларын қайталау. Негізгі қимылдар: 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге, еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қағар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. Қ/о №33: «Көлеңке» (жануарлардың жүрісі) (дене шынықтыру, қоршаған орта, сурет салу)	Жалпы дамытушы жаттығулар Негізгі қимылдар Велосипед тебуді жалғастыру: ересектердің көмегімен және өзбетінше рөлді басқаруға үйрету. Қимылды ойын ойын №2: «Кішкене өзен арқылы» Дид/о.№21: «Жоғарыда-төменде» Қызыл түсті, Мөддір сулы. Сары түсті, Тасты, құмды Жасыл түсті балықтар, Әйнек үйде калықтар. (әңгімелеу) (дене шынықтыру, көркем әдебиет, мүсіндеу)

Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтың дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).
Серуен	№35 кешен Аспанды бақылау Мақсаты: Мамыр айында аспан қандай болатынын анықтау. Мамыр айында аспан таза, ашық, көгілдір болады. Жел соқса, аспандағы бұйра-бұйра бұлттар көшіп кетеді. Көркем сөз: Жаңбыр жауып басылды. Күлімдейді көкте күн Кемпіркосақ асылды, Өрмегіндей көктемнің. Қимылды ойын: Кім кетті?
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. (дербес қимыл әрекеті).
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркемсөз қолдану Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Бірлік берсін басына, Береке берсін асына. Әумин Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)
Түскі ұйқы	Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. «Ерте ерте ертеде» ертегі айтып беру (көркем әрекет)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар). Ұйқы ашар жаттығу №18 кешен

Бесін ас
Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру.
(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)

Ойын жаттығу:

Нан-тамақтың атасы
Ынтымақ-көптің батасы.

Ойындар, дербес әрекет	Дидактикалық ойын № 30: «Қай қолымда көп?» (аз және көп заттарды ажиратуға, салыстыруға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту)	Геометриялық пішіндермен құрастыру жұмыстарын жүргізу. (танымын қалыптастыру)	Үстел-үсті ойыны: «Макарон моншактар» (қол саусак моторикасын жетілдіру)	Дид/ойын №30: «Не өзгерді?» (көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру)	Балаларға тапқатар айтқызу.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Айбарға қылқаламмен бояуға үйрету.	Аялаға кимылды ойындардың ережелерін сақтауға үйрету.	Д/о: «Ілгекті жолдар» (балаларға ұсақ моториканы дамытып, түстерді ажыратуға үйрету)	Раянаға сөзбен немесе қысқа сөз тіркесімен өз өтінішін білдіруге үйрету.	Балаларға мәдени-гигиеналық дағдыларды үйрету. Өз сүлгілерін табу.

Серуенге дайындық
Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.
Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада кандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.
(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).

Серуен	Қ/о №13 «Допты көзден кеге түсір» (дәл көздеу)	Қ/о №27 «Ақ қоян» (балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу.)	Қ/о №33 «Көлеңке» (жануарлардың жүрісін салу)	Қ/о 23 «Маған қарай жүгіріңдер» (шапшаң дербес кимыл әрекетке үйрету)	Қ/о №22 «Күн шұғыласы». (шапшаңдыққа баулу)
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу	Әңгімелесу: «Баланы мезгілге сай киіндіру және шынықтыру шаралары»	Балаларды үйге сурануға үйретуді жалғастыру.	Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру

22.05.2023

Мамыр

Ци. программа
IV апта (22-26 мамыр, 2023 ж.)
№9 «Шапағат» бөкежай-бақшасының «Балдырған» тобы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 22.05.2023	Сейсенбі 23.05.2023	Сәрсенбі 24.05.2023	Бейсенбі 25.05.2023	Жұма 26.05.2023
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. (сөйлеуді дамыту-коммуникативтігі іс-әрекет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Д/О: «Үй құстарын ата» №43 (коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеті)	Д/О: «Күн мен жаңбыр» №4 (коммуникативтік, ойын әрекеті)	Саусақ жаттығуы: «Қимылды кайтала» Әр түрлі қимылдармен саусақтарын қимылдатады.	Д/О: «Кім екенін тап» №23 (коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеті)	Саусақ ойыны «Жеті лак» (коммуникативтік, ойын әрекеті)
Танертенгі жаттығу	Жаттығулар кешені №18 (3-4 апта)				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету әрекеті) Ойын жаттығу: Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.				
	өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезде аузын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.				
Ойындар, Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне дайындық	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	Қ/О «Үшты-ұшты» №20 (Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді	Д/О «Жоғарыда төменде» №21	Д/О: «Мен бастаймын сен аяқта» (Коммуникативтік әрекет)	Д/О «Көзінді жұмып, қолыңмен анықта» №19	Сөздік ойын: «Сымсыз телефон»

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер	дамыту, коммуникативтік, ойын әрекеті)	(коммуникативтік, танымдық)		(Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын әрекеті)	(Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын әрекеті)
Мектепке дейінгі ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Үстел үсті театры арқылы «Бауырсақ» ертегісін тыңдап, айтып берумен эмоционалды қабылдауды үйрету. (көркем әдебиет) Ертегі кейіпкерлерін тану, көрсетіп атау. «Не істеді?» сұрағына жауап беруді үйрету. (сөйлеуді дамыту) К/О: № 33 «Көлеңке» (жануарлардың жүрісі) Алақан арасына салып, тұзды қамырдан бауырсақты жасайды. (Мүсіндеу)	Дене шынықтыру Музыка Жалпы дамытушы жаттығулар. 1. Негізгі қимылдар: Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге үйрету. К/о: «Масаны ұста» №30 Д/О: «Не артық» №3 (сөйлеуді дамыту) Д/О: «Түстеріне қарай топтастыр» (сенсорика) Музыка (Өз маманы бойынша)	№ 44 «Көліктерді ата» (сөйлеуді дамыту) №32 «Ойыншықты тап» №35 «Теп-тегіс жолмен» №1 «Дәл осындай пішінді тап» (сенсорика)	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. 1. Негізгі қимылдар: 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге, еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. 2. Қимылды ойындарға қызығушылығыпен қатысуға тәрбиелеу. К/О: «Допты қақпаға түсіру» №12 Д/О: №15 «Сикырлы қаншық» (сөйлеуді дамыту) Д/О «Жоғары - төменде» №21 (танымын қалыптастыру)	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. 1. Негізгі қимылдар: Велосипед тебуді жалғастыру: ересектердің көмегімен және өзбетінше рөлді басқаруға үйрету. (таза ауада) К/О: «Тышқандар мен мысық» №16 (ойын әрекет) Д/О: «Үйдің есігін жабайық» №2 (танымын қалыптастыру)

Серуенге дайындық	«Кім жылдам?» ойын салдыру. Қорытындылау: Айтқан тілді аламыз.	Мақсаты: ептілікке, апшандыққа баулу. (н шарты: шашылған гүлдерді жинап, себеткеке Біз тәртіпті баламыз, Анам жұмысқа кеткенде Үйде ойнап қаламыз.
Серуен	Серуен кешені №36	
Серуеннен оралу	Шкафтарын тауып көрсетуге, балалардың реттілікпен киімдерін шеше білуге баулу, дербес ойын әрекеті.	
Түскі ас	Артикуляциялық жаттығу(медбикенің нұсқауымен) Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі. Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу,сүлгінің орнын білу,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану) Тамақтану (өз орнына отыру,дұрыс отыру,ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенд сөйлемеу,алғыс айту) Ойын- жаттығу : Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз. Сықырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"	
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату,жасау,ұйқыға жатқызу (тыныш музыка тыңдау) .Ертегі айту,кітап оқу (көркемдік қызмет)	
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқышар жаттығуы №18	
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі.	
Ойындар, дербес әрекет	Д/ойын: «Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: Жыл мезгілдеріне байланысты киімдерді ажырату.	Суретті кітапшаларды бояу,мозайкалар құрастыру. Үстел үсті ойыны: «Бауырсақ» Ойын: «Моншастар тіземіз» Мақсаты: Түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасы дамыды. «Сықырлы баулармен»ойнату, бауларын дұрыс байлауды үйрету.

Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Үлгі бойынша әңгіме құрастыруға ынталандыру.	Балаларға қимыл ойындардың ережелерін сақтауға үйрету.	Айбарға дыбыстап дұрыс айтуға үйрету.	Софияға тазалық шараларын үйрету.	Алиге қарындашты дұрыс ұстауға үйрету.
Серуенге дайындық	Киіну,серуенге шығу.Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау,ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды пайдалану туралы әңгімелесу. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты),дұрыс киіне білулерін бақылау(сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары,үлкен және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Серуендеуге қызығушылық тудыру. Балалармен жеке әңгімелесу. Аулаға ұшып келетін құстарды бақылау.Ауа райын бақылау.				
	Д/о «Сынарын тап» №22 Мақсаты: Оң солды ажырата білуге,қолғаптың сынарын дұрыс табуға үйрету. (коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеті)	Д/О«Жоғарыда-төменде» №21 коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеті	Жыл мезгілдері туралы әңгімелесу Мақсаты: « Көктем» мезгіліне байланысты суреттер қарастыру (Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту,коммуникативті қ, ойын әрекеті)	Қимылды ойын: «Кім жалаушаға жылдам жетеді?» Мақсаты: Жалаушаға шапшаң жетуге дағдыландыру. (Дене шынықтыру)	К/О«Дауысын кайтала» №27 (Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту,коммуникативтік, ойын әрекеті)
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен балаларының тазалығы туралы әңгімелесу. Баланың денсаулығын сақтау бойынша ата-аналарға кеңес беру.	Көктемгі киімдер туралы ата-аналармен әңгімелесу.	Балалардың балабақшадағы жетістіктері туралы ата-аналармен әңгімелесу.	Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым – қатынасы туралы әңгімелесу.	Балаларды үйге сұрануға үйрету. «Сау болыңыз!»